

УДК 91

**АҚЖАЙЫҚ АУДАНЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІНІҢ ДАМУ
ГЕОГРАФИЯСЫ**


Гайсенова Айдана Саясатовна

a.gaisenovaa@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Жаратылыстану ғылымдары факультетінің
Физикалық және экономикалық география кафедрасының «5В060900-География»
мамандығының 3 курс студенті. Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – П.ғ.д. профессор А.А.Саипов

Ақжайық ауданы — Батыс Қазақстан облысының орталық аймағындағы әкімшілік аудан. 1997 жылға дейін "Чапаев ауданы" деп аталған. Жерінің аумағы 25,2 км². Орталығы — Чапаев ауылы.

Ақжайық ауданының территориясы 25,9 мың шаршы километрді құрайды. Аудан облыстың оңтүстігіндегі орталық бөлігінен орын алып, солтүстігінде (Орал өзенінің оң жақ жағалауы) Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек, Тасқала және (Орал өзенінің сол жақ жағалауы) Теректі аудандарымен, шығысында Сырым, Қаратөбе аудандарымен шектесе, ал батысында Жаңақала, Казталовка аудандарымен шекаралас орналасқан. Қазақстан Республикасының Атырау облысымен оңтүстігінде шектескен- сурет1.



Сурет-1 . Батыс Қазақстан облысының әкімшілік бөлініс картасы

Ақжайық ауданының территориясы Шығыс Еуропа жазығының жалғасы. Сондықтан жер бедері негізінен жазық болып келеді. Оның солтүстігі мен шығыс бөлігінде онша биік емес қыраттар кездеседі. Орталық және оңтүстік бөлігі ойпатты жазық болып келіп, шамамен 49° с.е. қарай (Тайпақ ауылы) Каспий маңы депрессиясы (теңіз деңгейінен төмен жататын территориялар) басталады.

Жер бедері - жазық. Ең биік жері солтүстік бөлігі (Бударин ауылының маңында, 20 метр), төмен жері Аралсор және Жалтыркөл көлдері (оңтүстігінде) маңында (теңіз деңгейінен 11 м төмен). Ақжайық ауданының жерін Жайық өзені жарып ағады. Ірі салалары: Қарабас, Өлеңті, Көшім; көлдері Итмұрын, Жалтыркөл; бөгендері Бітік және Дөңгелек. Ақжайық ауданының жер бедерінің тегіс жазықты болып келуінің басты себебі, соңғы кезеңдердегі геологиялық даму нәтижесінде деуге болады. Аудан территориясын солтүстік және оңтүстік екі бөлікке (теңіз деңгейінен бірдей биіктіктерді қосатын сызық) 0 м абсолюттік биіктік горизонталь сызықтар бөліп тұрады. Осы 0 м абсолюттік биіктік сызығынан оңтүстікке және солтүстікке қарай ауданның шеткі аймақтарындағы абсолюттік биіктіктерінің - 15 метрден 23 метрге дейін ауытқулары кездесіп отырады.

Ақжайық ауданының жер бедері Шығыс Еуропа жазығының оңтүстік шығысында орналасқандықтан жақсы тегіс және жас болуына байланысты бұл территорияға тек қана сулы-эрозиялық, эолды, көлтабанды және суффузиялық скульптуралы жер бедері пішіндері тән болып келеді. Аудан территориясында сулы-эрозиялы жер бедері Көшім тармағының орта ағысы аңғарында, сонымен қатар 1-ші Грачи және 2-ші Грачи дала өзендерінің аңғарында кездеседі. Және ең ірі сулы-эрозиялы жер бедері Орал өзенінің аңғарында жатыр. Территорияның өзендермен вертикальды бағытта да, горизонтальды бағытта да тілімденуі аз мөлшерде. Өзендердің ағысы жай. Барлығы жазықтықпен әлсіз толқында бағытына ағып жатыр. Сайлы торлар өте сирек кездеседі және жасақталғандығын байқаймыз. Ауданның жер бедерін мыналарға бөлуге болады:

- Бұйратты жазықтық;

- Жайық өзенінің аңғары;
- Ауданның төбешікті үстірті;
- Ауданның шығыс бөлігіндегі адыр - бұдырлы құмдар.

Бұйратты жазықтық ауданның барлық дерлік аумағын алып жатыр. Мұнда өзен жүйелері нашар дамыған, ұсақ өзендер Жайық өзеніне құймайды, жергілікті еңістерге сіңіп, көрінбей кетеді.

Ақжайық ауданының климаты – континентті. Қысы суық, бірақ батыстан келетін циклондардың әсерінен кейбір кездерде жылылыққа ауысып отырады. Жазы ыссы әрі құрғақ, ұзақ болады. Климатында құбылмалылық байқалады, дегенмен, жергілікті тұрғындардың ауыл шаруашылығының барлық түрімен айналысуына қолайлы. Орташа ауа температурасы қаңтарда – 13-14°C, шілдеде +22,+24°C. Жауын-шашынның жылдық орташа мөлшері соңғы жылдары 200-250 мм. Жері шөлейтті белдемге жатады. Топырағы негізінен қызғылт қоңыр, сортаң болып келеді. Климаттың қолайлы жағдайы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, орман шаруашылығына, жол қатынастарына, демалыс жағдайын ұйымдастыруға, әлеуметтік ішкі жұмыстарына және халық шаруашылығының қызметіне үлкен әсер етеді. Сондықтан, климат жағдайын тиімді пайдаланудың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруде үлкен маңызы бар. Ол үшін ауданымыздың территориясы жерді суландыру жұмыстарын, топырақ эрозиясына қарсы күресті, қыста қар тоқтату, тағы басқа жұмыстарды үзбей жүргізуді қажет етеді. Ақжайық ауданының территориясына жыл бойы облысымызға тән үш түрлі ауа массалары әсер етеді. Бұлар – арктикалық, полярлық (қоңыржай) және тропиктік ауа массалары.

Ауданның топырақ жамылғысына тән сипат, оның кешенді болып келуі. Олардың қалыптасуына жердің микробедері мен онша қашықтықта емес орналасқан топырақ түзуші жыныстардың өзгеру жағдайы ықпал еткен. Қою қызыл-қоңыр қалыпты топырақтар жазықтық бедерде қалыптасқан. Олар сортаң емес, тұзданбаған, тұз қышқылымен қызу тереңдігі 30 - 50 см шамасында. Қою қызыл-қоңыр карбонатты топырақтар ауыр механикалық құрамдағы топырақ түзуші карбонатты жыныстарда қалыптасқан. Бұл топырақтардың ерекшелігі жоғары карбонаттылығы мен қабатының тығыздығы, жоғары жағынан қызуы болып табылады. Қою қызыл топырақтардың арасында жазықтықтар мен өзендер мен көлдердің жарларында үлкен бөлектес ортаңдар кең тараған. Топырақ түзілу жағдайларының жиі кезектесіп отыруына байланысты ауданның топырағы үлкен шұбарлық көрініске ие болады. Бірақ, Ақжайық ауданының жекелеген бөліктері суайрық кеңістіктерінде айқындалған - орта каштан, ашық каштан, қошқыл зоналық топырақ типтерінің басымдылығы байқалады.

Ақжайық ауданы ауылшаруашылығына негізделген, соңғы уақытта мал шаруашылығы қарқынды дамып келе жатқан аймақ. Еліміздің азық-түлікпен толық қамтамасыз ету міндетін орындауда мал шаруашылығын дамыту айрықша орын алатын болса, оның негізгі – табиғи жайылымдарды тиімді және ұтымды пайдалану болып табылады. Бірақ нарықтық экономика жағдайында ауыл шаруашылығындағы жер учаскелерін ұтымсыз пайдалану және қалыптасқан мал жаю ережелерін, әсіресе ауыл маңына жақын жерлерде сақталмауының себебінен жайылым тапшылығының ауыртпашылығын жайылым пайдаланушылар кешуде. Осының салдарынан тиісінше малды жаю мәселесі жайылым аумақтарының көлеміне күш-салмақты көбірек түсіріп отыр. Жердің тиімсіз пайдаланылуы мал азығының өнімі мен сапасының төмендеуімен қатар жер учаскелерінің экологиялық-мелиоративтік жай-күйінің нашарлауына әсер етеді. *Сонымен қатар кейбір аймақтарда жайылым жетіспеушілігінің себебінен мал жаю мәселесі күрделеніп бара жатыр.*

Ауданның жалпы жер көлемі 2571605 га құрайды, оның ішінде барлық ауылшаруашылығы мақсатындағы пайдаланудағы жерлердің көлемі 1178268 га тең. Жерлердің санаты бойынша елді мекендер жерлері 870256 га, орман қорының жері 74723 га, су қорының жері 22500 га, өнеркәсіп, көлік, қорғаныс, байланыс, және басқа бағыттағы жерлердің көлемі 3781 га, мемлекеттік қордағы жерлердің көлемі 422077 га. Қазіргі таңда аудан бойынша барлығы 2048077 гектар жайылым алқаптары бар. Елді мекен маңындағы

халықтың ортақ пайдалануындағы мал жайылымы 809826 гектар. Яғни маусым кезінде ауыл округтердің мал басы, негізінен сауын малдар халықтың ортақ пайдалануындағы мал жайылымдарында бағылады.

2020 жылдың қаңтар-тамыз айларында ауыл шаруашылығының жалпы өнімі мен көрсетілген қызметі 12653,6 млн. теңгені, соның ішінде өндірілген өсімдік шаруашылығы өнімі – 2057,1 млн. теңгені, мал шаруашылығы – 10553,5 млн. теңгені құрады. 2020 жылдың 6 айында 255 млн. теңге инвестиция тартылып, 2019 жылдың сәйкесті кезеңінен 15,3 % көп. Аудан бойынша түйе 204 бас, ірі қара мал 80164 бас, уақ мал 209861 бас, жылқы 31474 басты құрап отыр. Оның ішінде Алғабас, Бударин, Жаңабұлақ және Тайпақ ауылдық округтерінде қой басының саны 20 мыңнан асып отыр. Базартөбе, Базаршолан, Құрайлысай, Сарытоғай ауылдық округтеріндегі мүйізді ірі қараның саны 5 мың басқа жетпейді. Жоғарыдағы көрсеткіштер ауылшаруашылық субъектілерінің Жайық өзенінің оң жақ бетінде шоғырланғаны, ауданның оңтүстігі мен сол жақ бетіндегі жерлердің құнарсыздығы мен шалғайлығы, су көзі тапшылығынан ауылшаруашылық алқаптарының мал азығын жинақтауға қажетті шабындық жерлерінің аздығы және мал суару орындарының жоқтығымен түсіндіріледі.

Ауданда ауылдық округтерден берілген жедел мәліметтер және көктемгі – далалық жұмыстардың қортындысы бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы – 1,39 мың га құрап отыр. Картоп, көкөніс және бақша дақылдары 0,82 мың га егілді немесе 92,1% (картоп – 0,12 мың га, көкініс дақылдары – 0,2 мың га, бақша дақылдары – 0,49 мың га). 2020 жылдың 17 қыркүйекте алынған мәлімет бойынша ауданда жиналған картоп 0,06 мың га, алынған өнім 0,73 мың тонна, көкөніс 0,17 мың га, алынған өнім 2,3 мың тонна, бақша 0,47 мың га, алынған өнім 6,3 мың тонна. Аудан бойынша 840 га егіс алқабына картоп, көкөніс-бақша дақылдары егілді, 36 га алқапқа тамшылатып суару әдісі қолданылды. Алмалы ауылдық округінде «МұнайКонтакт» ЖШС-і 9 га жерге тамшылатып суару әдісін қолданып, алма бағын отырғызды.

2021-2022 жылдың мал қыстағына малды азықпен қамтамасыз ету үшін 241,7 мың тонна шөп дайындау жоспарланып отыр. 2020 жылдың 17 қыркүйегіне 208,2 мың тонна шөп дайындалды, бұл қажеттіліктің 86,1 құрап отыр. Мал азықтық дақылдар 0,57 мың га егілді (көп жылдық шөптер – 0,42 мың га, бір жылдық шөптер – 0,1 мың га, сүрлемді жүгері – 0,05 мың га). 2021 жылдың 1 қаңтарына ауданда 65 асыл тұқымды шаруашылық тіркелген, соның ішінде, 52 асыл тұқымды ірі қара мал өсірумен, 5 шаруашылық қой өсірумен, 8 шаруашылық жылқы өсірумен айналысады.

Аудан бойынша түйе 204 бас, ірі қара мал 80164 бас, уақ мал 209861 бас, жылқы 31474 басты құрап отыр. Оның ішінде Алғабас, Бударин, Жаңабұлақ және Тайпақ ауылдық округтерінде қой басының саны 20 мыңнан асып отыр. Базартөбе, Базаршолан, Құрайлысай, Сарытоғай ауылдық округтеріндегі мүйізді ірі қараның саны 5 мың басқа жетпейді. Жоғарыдағы көрсеткіштер ауылшаруашылық субъектілерінің Жайық өзенінің оң жақ бетінде шоғырланғаны, ауданның оңтүстігі мен сол жақ бетіндегі жерлердің құнарсыздығы мен шалғайлығы, су көзі тапшылығынан ауылшаруашылық алқаптарының мал азығын жинақтауға қажетті шабындық жерлерінің аздығы және мал суару орындарының жоқтығымен түсіндіріледі.

Қорытындылай келе, Ақжайық ауданының агроөнеркәсіп саласын дамытудағы алға қойған міндеттері:

1. облыстың ауыл шаруашылығын дамытуды қолдауға бюджеттен бөлінген қаржының мақсатты және толықтай игерілуін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырушылық жұмыстарды жүргізу;
2. 2021-2022 жылдың мал қыстағына ірі мал азығын барынша мол көлемде дайындауды қамтамасыз ету;
3. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 - 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жоспарлы көрсеткіштерді орындау;
4. ауыл шаруашылығы өнімін өндіру көлемдерінің өсуін қамтамасыз ету;

5. ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін және қайта өңдейтін өндіріс орындарын құруға бағытталған инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға ықпал ету.

Ауданның табиғи жағдайын, агроөнеркәсібін, экономикасын және шаруашылығын зеттеу нәтижесінде мынадай тұжырым жасауға болады: Ақжайық ауданы негізінен ауылшаруашылығына негізделген, соның ішінде мал шаруашылығы қарқынды дамып келе жатқан аймақ. Еліміздің азық-түлікпен толық қамтамасыз ету міндетін орындауда мал шаруашылығын дамыту айрықша орын алады. Яғни, оның негізгі – табиғи жайылымдарды тиімді және ұтымды пайдалану болып табылады. Ауыл шаруашылығындағы жер учаскелерін ұтымсыз пайдалану және қалыптасқан мал жаю ережелерін, әсіресе ауыл маңына жақын жерлерде сақтамайтын жайылым пайдаланушылардың салдарынан тиісінше малды жаю мәселесі жайылым аумақтарының көлеміне күш-салмақты көбірек түсіріп отыр. Жердің тиімсіз пайдаланылуы мал азығының өнімі мен сапасының төмендеуімен қатар жер учаскелерінің экологиялық-мелиоративтік жай-күйінің нашарлауына әсер етеді. Сонымен қатар кейбір аймақтарда жайылым жетіспеушілігінің себебінен мал жаю мәселесі күрделеніп бара жатыр. Сол себептен де, менің ойымша, ауданымыздың территориясы жерді суландыру жұмыстарын, топырақ эрозиясына қарсы күресті, қыста қар тоқтату, тағы басқа жұмыстарды үзбей жүргізуді қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясы. Алматы, 2002 586 б.
2. Иванов В.В. Физико-географический очерк Западного Казахстана // Географический сборник. М. - Л.; 1953 Вып. 2
3. https://kk.wikipedia.org/wiki/Ақжайық_ауданы
4. <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-akzhaik/activities/directions?lang=kk>
5. Батыс Қазақстан облысының Статистика департаменті. 01.07.2019
6. <https://www.gov.kz/memleket/entities/bko-akzhaik/activities/4083?lang=kk>
7. [http://batys.ortcom.kz/fileadmin/user_upload/news_KOM_ZKO/19.09_Brifingke_slaid_PD F.pdf](http://batys.ortcom.kz/fileadmin/user_upload/news_KOM_ZKO/19.09_Brifingke_slaid_PD_F.pdf)